

«Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім беру
бөлімі Бірлестік ауылының ЖОББМ» КММ

№3 қамқоршылық кеңес хаттамасы

«28» наурыз 2025 жыл

Барлығы: 9
Қатысқандар 9
Қатыспағандар 0

Күн тәртібі:

1. Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау жөніндегі есепті тыңдау:

1. Тыңдалды: 1. Қаралған мәселенің тақырыбы: Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау жөніндегі қорытынды есеп беру

2. Сөйледі: мектеп директоры Есмагулова Л.Қ. білім беру ұйымының өзін-өзі бағалауы бойынша бүгінгі күні сіздерді сол қорытындысымен таныстырмақпыз деп сөзін бастады.

Мектеп директоры білім беру ұйымының жалпы сипаттамасын жасады. Мектеп жарық, жылы, кең әрі заманауи жабдықтарменде қамтамасыз етіліп жатқандығын сонымен қатар мектеп асханасы қажетті ыдыс-аяқтарменде қамтамасыз етіліп, балалардың тамақтануларына ата-аналардың шағымдары мен ұсыныстары жоқ. Күнделікті ыстық тамақ арнайы алдын-ала дайындалған ас мәзірімен жасалады және оқушыларға балңын күйінде беріледі. Бракеражды комиссия мүшелері үнемі Білім алушылар мен мектеп ұжымының қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында мектептің кіре берісіне турникет қойылған Мектепке бөгде адамдар рұқсатсыз кіре алмайды. Мектептің сыртына 4 бейнебақылау камерасы, ішіне 9 бейнебақылау камералары орнатылған. Сонымен қатар мектепке кіруге көтерілер сыртқы баспалдаққа тайғанап жарақат алудың алу мақсатында сырғымайтын арнайы төсеніш төселген. Есік алдында көмекке шақыру тетігі мен шақыру түймесі орнатылған. Мектепте 25 ноутбук, 19 компьютер, 1 планшет бар. Биылғы жылы химия, биология пәні заманауи жиһаздармен жабдықталған.

Мектеп медициналық бөлмемен жабдықталған. Мектеп медбикесі Еслямғалиева З.С. балалардың денсаулығына қажет болғанда дер кезінде көмек көрсетеді.

Комиссия мүшелері мектеп директорының есебіне-5 деген балл қойды.

Сөйледі: Кадрлық құрамға талдау бойынша және оқу-әдістемелік жұмыс бойынша директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары: Ш.О.Мукажанова және

С.К.Турысбекова есеп берді. Мектептің кадрлық құрамының жоғары немесе арнаулы орта білімін растайтын дипломдар бойынша, біліктілік санатының деңгейін бес жылда бір реттен сиретпей арттырған/растаған педагогтердің (оны ішінде басшылардың үш жылда бір реттен сиретпей) үлесі бойынша біліктілік арттыру курстарынан өткендіктері туралы мәлімет берді.

Сонымен қатар мектептегі мұғалімдердің санаттарына да тоқталды. Педагогтер жыл сайын мерзімі бойынша немесе мерзімінен бұрын да санаттарын көтеруде. Білім алушылардың білімін бағалау, оқыту нәтижелері (білім, білік және дағды сапасын бағалау), білім алушылардың сауалнама нәтижелері, педагогтердің сауалнама нәтижелері, ата-аналардың (заңды өкілдері) сауалнама нәтижелерімен директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары таныстырды.

Педагогтердің сауалнама нәтижелерін талдау қорытындысы бойынша 80%-дан-100%-ға дейінгі респонденттер сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейіне қанағаттанғандықтан 5 баллмен бағаланғандығын, ата-аналардың (заңды өкілдері) сауалнама нәтижелерін талдау барысында олардың 80%-дан-100%-ға дейінгі респонденттер білім алушылардың дайындық деңгейіне қанағаттанғандықтарын білдірген себепті 5 балл қойылғанын және білім алушылардың сауалнама нәтижелерін талдауда оқушылардың 80%-дан-100%-ға дейінгі респонденттер көрсетілетін білім беру қызметтерінің деңгейіне қанағаттанатындары анықталғандықтан 5 балл қойылғанын айтты.

Сөйледі: мектептегі тәрбие жұмысының жағдайы, білім алушылардың тәртіптері, 2023-2026 жылдарға арналған «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының іске асырылуы жөнінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Солтанбек сөйледі. Білім алушылардың арасында құқықбұзушылыққа барған, тәртіпсіз теріс қылық пен жағымсыз мінез көрсететін оқушылар жоқ. Психологиялық әлсіз әрі суицидтік әрекетке бой алдырғандар жоқ. Ата-аналармен мектеп күнделікті тығыз қарым-қатынаста жұмыс жүргізуде. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының қызметі мектепте күнделікті іс-шаралар арқылы жүзеге асып жатқандығын жеткізді. Мектепте 6 жоба, алдын-алу шаралары, күн сайын атқарылатын тәрбиелік іс-шаралар және ААПҚ орталығы және «Даналық мектебі» клубы мен білім алушылардың бос уақыттарын тиімді өткізулері үшін спорттық секциялар мен оқушылардың қызығушылықтары мен тандаулары бойынша үйірмелердің жұмыс жасап жатқандығын айтып өтті. Комиссия мүшелері тәрбие қызметін 5 баллмен бағалады.

Ақпараттық ресурстар және кітапхана қоры:

Сөйледі: мектеп кітапханашысы Сагындықова В.Р. Биылғы 2024-2025 оқу жылында мектеп кітапханасы қазақ оқылымдағы сыныптарына «Атамұра» баспасынан – 15 дана оқулық алынды. (9 сыныпқа Қазақстан географиясы 1,2 бөлім және Қазақстан тарихы)

«Мектеп» баспасынан - 16 дана оқулық алынды. (7 сыныпқа қазақ тілі оқулығы және де 8 сыныпқа Дүниежүзі тарихы)

« Алматы кітап » баспасынан -32 дана оқулық алынды. (3 сыныпқа Орыс тілі,

Еңбекке баулу, Бейнелеу өнері және де дайындық тобыны Сауат ашу негіздері мен Математика негіздері)

«Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ- 6 дана оқулық алынды. (3 сыныпқа жаратылыстану оқулығы)

MM PUBLICATION-6 дана оқулық алынды. (3 сыныптың ағылшын тілі)

«Арман ПВ» - 5 дана оқулық алынды. (Жаһандық құзыреттер 5,6,7,8,9 сыныптарға)

Барлығы осы баспалардан біздің мектепке - 80 дана 233588 теңгеден тұратын оқулықтар алынды. Және де 29 дана көркем әдебиет кітаптары келіп түсті. Қордың осуі – 109 дана. Оқушыларымыз толық 100 % оқулықтармен қамтамасыз етілді.

Барлық келген оқулықтарға кітапхананың мөрі басылып инвентарлық кітапқа тіркелді.

2024 жылдың 5- 16 тамыз аралығында жасалған кесте бойынша сыныптарға оқулықтар таратылды. Артық оқулықтар басқа мектепке акт бойынша берілді.

Жалпы кітапхана қорында барлығы 4575 дана басылымдар жинақталған. Оның ішінде: оқулықтар 1901 дана , көркем әдебиет 2674 дана . Электронды оқулық 52 дана (оның ішінде оқулықсыз -34 дана). Кітапханаға келуші саны – 954 оқырман., Кітап беру саны – 1908 дана.

Биылғы оқу жылында – 85 оқырманымыз бар.

Электронды оқулық 52 дана (оның ішінде оқулықсыз -34 дана). Кітапханаға келуші саны – 954 оқырман., Кітап беру саны – 1908 дана.

Биылғы оқу жылында – 85 оқырманымыз бар. Бірлестік ауылының ЖОББ мектебінің 1995 жылғы түлектері мектебімізге 79 дана оқу әдістемелік кітаптарды сыйға тартты.

Жыл соңында сынып жетекшілермен бірге ұйымдастырып кітаптарды түгендеп, жөндеп кесте бойынша тапсырады. Жоғалтқан кітаптар болған емес барлығы түгел тапсырады.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы барысында мектеп кітапханасына жаңадан келіп түскен көркем әдебиеттермен және де ертегілер кітаптарымен оқырмандарды таныстырылады. Бұған «Жаңа кітаптар әлемі» тақырыбында кітап көрмесі, библиографиялық шолу және де видеоролик дайындалды. Жаңадан келіп түскен әдеби кітаптар мүлік кітабы және кітапхана қорының құн есеп кітабына тіркелді. Оқушылардың 100% оқулықтармен қамтамасыз етілуі өз қор есебінен және аудан мектептері арасындағы кітап алмасу есебінен жүзегетасырылады. Кітап алмасу, қабылдау-тапсыру актілері негізінде жүзеге асырылады.

Бастауыш, негізгі және орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен , оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі 100%, бастауыш, негізгі орта және жалпы білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендермен, оқу және көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілуі 100% деп 5 баллмен бағаланғандығын айтты.

Білім беру ұйымының өзін-өзі бағалау қорытындысы барысында айтарлықтай кемшіліктер мен ескертулер жоқ.

Сөйледі: мектеп директоры Л.Қ.Есмагулова педагогикалық ұжымды комиссияның қорытындысымен таныстырды:

Бағалау критерийлеріне қосымшаларда келтірілген мектептің сандық және сапалық көрсеткіштерінің негізінде Комиссия мүшелері «Ақмола облысы Білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім беру бөлімі Бірлестік ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» КММ өзін-өзі бағалау қорытындысын шығарды:

Мектептің білім беру қызметі оқыту және тәрбиелеу саласындағы нормативтік-құқықтық актілерге және мектептің құқық белгілейтін, құрылтай, рұқсат беру құжаттарына білім беру қызметімен айналысуға арналған лицензияға сәйкес жүзеге асырылады. Мектептің жұмыс оқу жоспары толық көлемде орындалды, оқу пәндеріне сәйкес педагогикалық кадрлармен толық қамтылған. Білім алушыларға шығармашылық, спорттық, зияткерлік бағытқа қатысуды таңдау үшін жағдайлар жасалған.

Қаулы етті:

1. «Ақмола облысы білім басқармасының Зеренді ауданы бойынша білім беру бөлімі Бірлестік ауылының ЖОББМ» КММ білім беру қызметі мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарына сәйкес деп танылсын

2. Олжасмарттар бойынша мектепті бағалау «5» (өте жақсы) балына сәйкес деп танылсын.

Қамқоршылар кеңесінің төрағасы:



А.К. Мейрамов

Хатшы:



А.Г. Буркытова